



Ғылымның кемесінде біліммен жүзсек...

Адам бұл дүниеге келіп, о дүниелік болғанына дейін сырттай қарағанда бір-бірімен мүлдем байланысы жоқ екі әлемде – табиғи сондай-ақ жасанды ортада өмір сүретіндігі белгілі. Адамды қоршаған орта жасанды орта мен қоғамнан құралған. Адам өз қолымен жасаған материалдық әлемнің барлығы да техникалық орта болып табылады екен. (мысалға: дәрі-дәрмек, киім, механизмдер, үйлер және т.б.). Техникалық орта адамның дене және ой еңбегінің, басқа сөзбен айтқанда білім мен ғылымның арқасында пайда болған. Техникалық ортаның адамға деген әсерінің өте жоғары екендігін байқау қиын емес. Сол себепті адамға табиғаттың, ғылымның, техника және қоғам дамуының заңдылықтарын білмей қазіргі заманда өмір сүру белгілі бір деңгейде қиындықтар тудыратыны сөзсіз. Ғылымның дамуы нәтижесінде біздің өміріміз бір ғана ұрпақ ішінде елеулі өзгерістерге ұшырап отыр. Қоршаған орта туралы ақпараттың ағымы бірнеше жыл ішінде еселеп көбеюде. Адам болса бұл ақпарат ағымын жеткілікті деңгейде қабылдауда. Ғылым - тек білімнің, фактілердің және т.б. жиынтығы ғана емес, ол сондай-ақ, қоғамның мәдени-әлеуметтік маңызды құбылыстарының бірі. Яғни «ғылымға төмендегідей

- 1) мәдениеттің бір саласы;
- 2) дүниетанымдық әдістің бірі;
- 3) адамды және табиғатты қайта өңдеуші өндіргіш күші;
- 4) арнаулы институт (институт түсінігіне тек жоғары оқу орны емес, сонымен қатар ғылыми қауымдастықтар, академиялар, лабораториялар, журналдар және т.б., кіргізіледі)» деп анықтама беріледі екен. Ғылым дегеніміз - білім. Ғылымда дәстүрлі екі бағыт қалыптасқан. Бұл бағыттың бірі - қоғам мен техникалық ортаның тарихын сипаттау болса, екіншісі- табиғат тарихы. Жалпылай айтсақ, ғылым – жүйелі түрде теоретикалық білімді дүниеге келтіретін адамның әрекеттерінің бір түрі болып табылады. Сонымен қатар, ғылым қоғамның аса маңызды өндіргіш күштерінің бірі бола отырып, ғылым адамның өзін-өзі тану процесінің түрі болып табылады екен.

Бүгінгі таңда ғылымды қатаң сынға алып жүргендер бар. Алайда, мұның түпкі сыры ғылымда емес, ғалымда екені сөзсіз.

Ардақты Пайғамбарымыздың: «*Расында Аллаһ пенделерден білімді тартып алмайды, білімді ғұламалардан алу арқылы жояды. Ол бірде-бір ғұламаны тірі қалдырмаған*

Ғылым-тәрбиесі өркендеген ел - өсер ұрпағын, халық қоғамын шын көгерткен ел.

М.Әуезов

кезде адамдар білімсіз надандарды өздеріне басшы етіп алады. Сөйтіп оларға сұрақтар қойылса, білімі болмаса да пәтуа шығарып, нәтижесінде өздерін де, өзгелерді де адастырады» – дегені қазіргі таңдағы сансыз ғалымдардың көптігіне айтылғандай. Қазіргі таңда сапалы ғылымды дамыту бағытында әр түрлі шаралар өткізіліп келеді. Студенттер мен магистранттарды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту және олардың заманға сай өз бетімен іздену іскерліктерін дамыту, оларды қолдау мақсатымен сәуір айында Тәуелсіздігіміздің 20-жылдығына арналған «Жастар және ғылым» атты М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми апталығы өтті.

Апталық аясында: «Жастар және ғылым» атты магистранттар мен студенттердің 69-шы ғылыми-тәжірибелік конференциясы; факультеттегі (институт) студенттік

үйірмелер конкурсы; ғылыми тақырыпта қабырға газеті конкурсы қамтылды.

69-шы ғылыми конференция 20 секция бойынша өткізілді. Оған 350-ге жуық студент ғылыми баяндамамен қатысып, олардың ішінен үздік мақалалар арнайы жинақ болып жарияланбақ.

22-сәуірде өткен студенттік үйірмелер байқауында «Менделеев мұрасы», «Жас қаламгер», «Криминалист», «Exclusive Fashion» мода театры, «Ботаникалық үйірме», «Бизнес және кәсіпкерлік» үйірмелері үздіктер қатарынан көрінді. Университетте ашылған «Заңғар» студенттік бизнес-инкубаторы өз жұмысымен, жобаларымен таныстырды.

25-сәуірде апталықтың салтанатты жабылу шарасында үздік студенттік ғылыми баяндамалар тыңдалып, жүлдегерлері марапатталды.

Қазақта «тіліңмен жүгірме, біліміңмен жүгір» деп босқа айтпаса керек, қай заман болсын, таяз біліміңмен емес, саналы ойыңмен, сапалы біліміңмен өрге шығатынына еш шүбә жоқ. Университетімізде мұндай дәстүрлі шаралар жалғасын таба беріп, жаңаша көзқарасы бар, бойындағы талантты аша біліп, қабілет-дарынын дамыта білер, ғылымның шыңына шығар мамандарымыз көбейе берсін деген тілек жолдаймыз.

МАМЫР

Құрметті әріптестер, ардақты ардагерлер!

Сіздерді Қазақстан халықтарымыз, Бірлігі мерекесімен және өшпес ерлік пен өшпесіз даңқтың, халқымыздың шексіз қаһармандығы мен мұңалмас қажыр-қайраттың мерекесі –

Ұлы Жеңістің 66 жылдығы,

мерекесі күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Көп ұлтты Қазақстан игілігі жолындағы қызметіңіздің жемісті болуына тілек білдіре отырып, зор денсаулық, қажымас қайрат тілеймін.

Егемен еліміздің аспаны ашық, жұлдызы жарық, тұяғы биік болғай.

Тәзі тілекпен, ректор Шұқрай Зейітұлы

9 мамыр

ЖҮЛДЕГЕР БІЛІМПАЗДАР

Жақында 12-13 сәуір күндері Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде болып өткен III Республикалық пәндік олимпиадаға университетіміздің 07308-топ студенті Ахмедиярова Индира, 07308-топ студенті Герасимова Юлия, 07407-топ студенті Утегенова Дина «Құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша қатысып келді. Олимпиадаға Жетісу мемлекеттік университеті, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2 командасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті және Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті командалары қатынасқан еді.

Сайыс «Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық және құқықтық дамуының аспектілері» тақырыбында эссе дайындау, «ҚР-ғы адам құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері» атты жоба жұмысын қорғау және мемлекет және құқық теориясы, экономикалық теория, педагогика пәндері бойынша тест тапсырмасын орындау бойынша 3 кезеңнен өтті. Осы 3 кезең нәтижесінде қатарластарынан дараланған біздің білім ошағының командасы командалық есепте 2 орынды иеленді.

Жекелей сында команда мүшелері И.Ахмедиярова 2-орынды, Ю.Герасимова 3-орынды місе тұтты.

Білім деңгейлерін дамытып, шығармашылық қабілеттерін шыңдап, ұстаздарының үмітін ақтаған, жетістікпен оралған жеңімпаздарымызға ақ жол тілейміз.





Р
К
Е
Н



№ 5 (863) сәуір 2011 жыл

8

Құттықтаймыз!!!

Құрметті
Әлия Меңдешқызы!

Сізді мерейлі 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіз шығармашылық жұмыс тәжірибеңізде бастауыш білім беру мазмұнын интеграциялаудың теориясы мен әдістемесінің негізін салып, ізгіліктік педагогика идеяларын, тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілік тұрғыларды жаңа 12-жылдық білім беру жүйесінде жалғастырып, отандық педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосып келесіз.

Сіздің бойыңызға тән зияткерлік пен азаматтық қасиет, даналық пен табандылық, еркіндік өз шәкірттеріңізді мақсаттылыққа, еңбекқорлыққа, батылдыққа тәрбиелейді. Үнемі ізденісіңізбен, талап қоюшылығыңызбен, білім беру ісінде жаңа міндеттерді шешуде еңбекқорлығыңызбен, шығармашылық ортаны шебер ұйымдастырушылығыңызбен Сіз шәкірттер алдында да, әріптестер алдында да зор құрметке ие бола білдіңіз.

Болашақ Қазақстанның ғалымдарын тәрбиелеуде Сізге мықты денсаулық, жаңа шығармашылық, отбасылық бақыт тілейміз.



М.Өтемісов атындағы БҚМУ ұжымы

ҚР Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің 2011 жылғы 31 наурыздағы шешімімен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақстан Республикасы тарихы» кафедрасының оқытушысы **Тастаева Жанна Кеңесқызын** тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуымен құттықтаймыз. Сізге шығармашылық табыстар мен жетістіктер тілейміз.

БҚМУ ректораты

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құқықтану мамандығының 3 курс студенті, группаласымыз **Ерғалиева Гүлнараны** 25-26 наурыз аралығында Астана қаласында өткен Республикалық құқықтық олимпиададан жүлделі I орынды иеленуімен шын жүректен құттықтаймыз. Шуақты көктеммен бірге келген жеңісің құтты болсын. «Оқу - инемен құдық қазғандай» дегендей, әрдайым өзінің табандылығымен, ізденімпаздығымен факультетіміздің, университетіміздің мерейін асқақатқан Гүлнараны біз қашан да мақтан тұтамыз. Құрбымыздың бұл жетістігін алар асулар мен бағындырар белестерінің тек қана басы деп білеміз. Әрқашан білім, ғылым жолында аянбай тер төгіп, биік шыңдардан көрінуіне және ел ертеңін ойлайтын жарқын Қазақстанымыздың азаматшасы болуына тілек білдіре отырып:

Алғыс болсын алғаның,
Жақсылығын көр жалғанның.
Алаулап жансын алдыңнан,
Мақсат, ойың, арманың, - дегіміз келеді.

Білім атты теңізде құлашың талмай алға қарай жүзе бер деген тілегімізді.

Топ жетекшісі - Г.А.АСИЛЬБЕКОВА, 08301-топ студенттері

Дергачи таланкерлері бізге қонақта

М.Өтемісов атындағы БҚМУ әкімшілігі Саратов облысы Дергачи ауылының мектеп бітіруші түлектерін қабылдады. Мектеп оқушыларының университетке ат басын тіреуіндегі мақсаттары еліміздің дамуына үлес қосып, талай мықтыларды қанат қақтырған білім ордамыздың өткен тарихынан сыр шертетін мұражайын тамашалап, университетіміздің білім жүйесімен, жалпы білім ордамыз жайлы толық мағлұмат алу еді. 79-жылдық тарихы бар университетіміздің бүгінгі тынысымен тәрбие ісі және жастар саясаты жөніндегі проректор Т.М.Даришева таныстырды. Айта кететін жайт, делегация құрамының басым көпшілігі қазақ бауырларымыздан екендігі. Келген қонақтар математика және информатика, қазақ тілі және әдебиеті, филология бөлімдерінің студенттерімен кездесіп, пікір алмасты.

Физика-математикалық факультетінің студенттері Зубайрова Дария, Надырханова Ардақ өз ойларымен бөлісіп, мектеп бітіруші түлектерді университетімізге шақырса, қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің студенті Мыңбаев Сәкен қонақтарды өз өнерімен тәнті етті.

Делегация басшылары университет ұжымына мол табыстар тілеп, алдағы уақытта білім алуына деген ниеттерін білдірді.

Ардақ НАДЫРХАНОВА,
04201-топ студенті

Сараманнан түйген сыр

Қай ғылым саласы болсын алғашқы баспалдағы тәжірибе екені анық. Маман болып, өмірге жаңаша көзқараспен қарай бастаған сәтте өмірге деген құлшынысың, талабың арта түседі екен. Бұл жайттарды ең алғаш сараманға барған кезде ұққандай боласың. Студент болып жүріп, өзіңді бір сәтке Мұғалім сезінгенде арасы жер мен көктей екенін байқайсың. Студент болу деген шын мәнінде бақыт екен. Ең бірінші өзіңді еркін сезінесің, қате жерін түзеп жібереді, мұғалімнің алдында еркін сабақ айтасың, бір сөзбен айтқанда өз басыңа ғана жауап бересің.

Ал мұғалім болу... Үлкен жауапкершілікті талап ететін маман. Біріншіден, студенттің алдында қателікке жол бермеуің керек. Өйткені, сенің әр қадамыңды, әр сөзіңді бағып отырады. Еркін күлуге, еркін қылығыңды, еркін эмоцияңды шығара алмайсың. Екіншіден, алдыңдағы топқа жауаптысың. Оларға дауыс көтермей, бағындыра да, тіл табыса да білуің керек. Үшіншіден, киім-кисіңді, жүріс-тұрысыңды қадағалауың керек дегендей. Мұғалім мамандығы бойынша сараманға баратын студенттер, меніңше, қызықты жағдайларды басынан өткізеді. Өзің студент болып, студенттерге сабақ берген өте қызықты екен. Олармен ең алдымен, тіл табыса білуің керек. Үйге берілген тапсырманы сұрап, сабақ түсіндіріп, бекітіп болған соң қоңырауға жақын студентті баурау мақсатында кейде сабақтан тыс тақырыпта сұрақ-жауап әдісін жүргізесің. «Апай, қай жақтансыз, руыңыз қандай?» деп басталып, «студенттік өміріңіз қалай өтіп жатыр?», «студенттік кезде қандай қызықтар болды?», «жігітіңіз бар ма?», «болашақта қай салада жұмысқа барғыңыз келеді?» деген сауалдармен жалғаса береді. Сабақ кестесі бойынша, оңай, дайындалып келген сабақ болса, көңіл-күйлері де көңілді жүреді. Ал егер қиын сабақ болса, бүгінгі күннен аман өтсем болды, ертеңгі күннен бастап күн сайын оқып келемін дегендей үрей болады. «Олар - құмырсқадан да еңбекқор, бірақ еңбегі медаль-орденмен бағаланбайтын бейбақ. Қиындыққа белшесінен батыл жүрсе де, ақжарқын, бүкіл әлемді өзінше сүйетін үлкен жүректі «данышпан», - деген Серікқали ағайымыздың сөзі жиі есіме түседі. Санаулы күндерден кейін білім ордасынан қанат қақпақыз. Ал мен өзім, қаламыздағы Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжіде мемлекеттік сараманнан өткен сәтімде, дәріс берген профессор-ұстаздарымның арқасында өзімді болашақ маман екенімді, тұлға ретінде қалыптасқанымды сезіндім. Ұстаздық қызметтің жауапкершілігі мол, ізденісті талап ететін, үлкен жүректілікті қажет ететін мамандық екенін аңғардым.

Гүлсезім БИЯШЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 4 курс студенті

«Жақсы адам ғана жақсы ұстаз бола алады»

Жүсіп Баласағұн

Ұстаз болу - жүректің батырлығы...

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің мұражайы студент-жастарға рухани, патриоттық тәрбие беру ісіне мол үлесін қосып келеді. Мұражайда көптеген тәрбиелік, тағылымды кештер ұйымдастырылып, Ұлы Отан соғысының, тыл, еңбек ардагерлерімен,



сонымен қатар, ұзақ жылдар өз өмірін ұрпақ тәрбиелеу ісіне арнаған ардагер-ұстаздармен кездесу кештері өткізіліп, жас ұрпаққа рухани тәрбие беруде. Бұған тағы бір дәлел - жақында «Ұстаз - ұлы есім» атты «Физика және математика» кафедрасының аға оқытушысы Жұбанышева Зүбайда Жұбанышқызымен кездесу кеші өтті. «Кештің мақсаты - студент-жастарға оқу ордамызда ұзақ жылдар бойы еңбек еткен, еңбегі сіңген ардагер-ұстазымыздың өнегелі өмір жолымен таныстырып, оның бойындағы бар жақсы қасиеттерді үлгі ете отырып, студент-жастардың бойына бар игі қасиеттерді сіңіру», - дейді кешті ұйымдастырушы - мұражай меңгерушісі Есикенова Меңсұлу Қайыршақызы.

40 жыл ғұмырын ұстаздыққа арнаған Зүбайда Жұбанышқызымен өткен

кездесуге оның әріптестері, шәкірттері және басқа да мамандықта оқитын студенттер қатысты. Кеш барысында кездесу кешінің бас кейіпкері - Зүбайда Жұбанышқызы студенттерді өзінің өмір жолымен, еңбек жолымен таныстырды. Зүбайда Жұбанышқызы туралы мол ақпарат беретін бейне-баян көрсетіліп, арнайы көрме ұйымдастырылды. Тәрбие жұмысы бөлімінің жетекшісі Исатаев Мейрам Исатайұлы сөз сөйлеп, ұйымдастырылып отырған шараның маңыздылығына тоқталып өтті. Кеште «математика» мамандығының 1 курс студенті Мақсот Марс «Анағат» өлеңін оқып, жаратылыстану-математикалық факультетінің 2 курс студенті Оразғалиева Бұлбұл «Анажан» және «химия» мамандығының 2 курс студенті Гайсағалиев Ершат «Ана туралы» өсем өндерін жолдады.

Зүбайда Жұбанышқызының әріптестері педагогика ғылымдарының кандидаты, БҚМУ профессоры, еңбек ардагері Сырым Жәлел Сырымұлы және «жалпы педагогика және информатика» кафедрасының аға оқытушысы Қайырғалиев Темірғали Қайырғалиұлы сөз сөйлеп, әріптесіне ізгі тілегін арнады.

Шәкірттерінің атынан сөз сөйлеген «информатика» кафедрасының оқытушысы Мұхамбетова Ғайнеш Ғұмарқызы, кафедраның аға оқытушысы Бегеева Анаргүл Ізбасарқызы Зүбайда Жұбанышқызының білікті ұстаз ғана емес, студенттерге аналық мейірімін шашқан, шәкірттерінің зор махаббатына бөленіп жүрген ұстаз-ана деп ерекше ықыласпен атап өтті.

Кеш соңында мұражай меңгерушісі Меңсұлу Қайыршақызы сөз сөйлеп, өзінің жылы лебізін білдіріп, кеш иесіне зор алғысын білдірді. Студенттер осындай тағылымды, тәрбиелік маңызы зор кештердің көптеп өткізілуі өте дұрыс деп айтып, келесі кездесуді тағатсыздана күтетіндерін айтып тарқасты.

Мейрамгүл СРАЛИЕВА

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.

Газет айына бір рет шығады.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11390-Г куәлігі берілген.

Индексі 090000
Таралымы 1000

РЕДАКТОР:
ШЫНТЕМІРОВА
Гүлсая Каримоллақызы

БАСПАСӨЗ ХАТШЫ:
ЕСЕНТАЕВА Динара Жұмабекқызы

ТІЛШІЛЕР:
СРАЛИЕВА Мейрамгүл,
БИЯШЕВА Гүлсезім.

КОРРЕКТОР:
БЕККУЖИЕВА Светлана
ОПРЯ Оксана Викторовна

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
АБДУЛЛИНА Асель

ФОТОСУРЕТШІ:
ХАЛЕЛОВ Рафхат

Газет БАҚ және баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Сарайшық көшесі, 34, тел.: 50-76-52
Біздің сайт: www.wksu.kz
e-mail: IC_SMI@wksu.kz